



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н.
ГУМИЛЕВА
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

**«АДАМИ КАПИТАЛ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУДЫҢ
НЕГІЗГІ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ»**

*Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ*

СБОРНИК ТРУДОВ

Международной научно-практической конференции

**«ЧЕЛОВЕЧЕСКИЙ КАПИТАЛ КАК ОСНОВНОЙ ФАКТОР
ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ»**

WORKS

of the International scientific and practical conference

**«HUMAN CAPITAL AS THE MAIN FACTOR OF ECONOMIC
DEVELOPMENT»**

Астана

20 қазан 2022

УДК 331.5 (075.8)

ББК 65.240я73

А 24

Рецензенты: профессор «Esil University», д.э.н. Галиева А.Х.
профессор Евразийского национального университета им.Л.Н.Гумилева, д.э.н.
Шалболова У.Ж.

Редакционная коллегия

Макыш С.Б. – д.э.н., профессор, декан экономического факультета, Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, г.Астана

Байжолова Р.А. – д.э.н., профессор, Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, г.Астана

Ауелбекова А.К. – к.э.н., доцент Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, г.Астана

Исаева Б.К. – PhD., доцент, Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, г.Астана

ISBN 978-601-337-744-5

«Адами капитал экономикалық дамудың негізгі факторы ретінде» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектер жинағы. –Астана: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2022. -330б.

Сборник трудов международной научно-практической конференции «Человеческий капитал как основной фактор экономического развития». – Астана: Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, 2022. -330с.

Works of the International scientific and practical conference «Human capital as the main factor of economic development». - Astana: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2022. -330p.

УДК 331.5 (075.8)

ББК 65.240я73

ISBN 978 – 601 – 337 – 744 – 5

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2022

© Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2022

© L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2022

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Абай. Книга слов / Абай. Записки забытого / Шакарим; Пер с каз. К. Серикбаевой, Р. Сейсенбаева. – Алматы, 1993. – 128 с.
2. Абай. Сен де бір кірпіш дүниеге. Өлеңдер мен қара сөздер. Жоба жетекшісі «Атамұра» корпорациясының президенті Р.А.Құл-Мұхаммед. - Алматы: Атамұра, 2014. -200с.

ӘОЖ 334.7.012

АҚМОЛА ОБЛЫСЫНДАҒЫ ШАҒЫН КӘСІПКЕРЛІКТІҢ ДАМУ ДИНАМИКАСЫ

Нұржан Қымбат Нұртілеуқызы

kimbatnk@mail.ru

Экономика мамандығының магистранты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қаласы, Қазақстан
Ғылыми жетекші – А.М.Бержанова

Ақмола облысы Қазақстанның солтүстік бөлігінде орналасқан. Облыс аумағы мемлекет аумағының 5,4% құрайды. Облыс 4 өңірмен – Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Павлодар және Қарағанды облыстарымен шектеседі.

Облыстың құрамына облыстық маңызы бар 3 қала (Көкшетау, Степногорск, Қосшы) және облыстық маңызы бар 17 аудан, 8 шағын қала (Ақкөл, Атбасар, Державинск, Ерейментау, Есіл, Макинск, Степняк, Щучинск), 590 ауылдық елді мекен кіреді [1].

Ақмола облысы Қазақстанның агроөнеркәсіптік өңірі болып табылады. Аймақтың экономикалық мамандануы – ауыл шаруашылық және өнеркәсіптік өндіріс.

Облыс экономикасында тауар айналымы мен көліктен басқа құлдырау байқалмады, бұл төтенше жағдай мен карантиндік шаралардың енгізілуіне, өңірлер арасындағы көлік қозғалысының шектелуіне байланысты болды. Бүгінгі таңда осы салалар бойынша жағдайдың біртіндеп жақсаруы байқалады. Тоқталып кететін болсақ, өнеркәсіп өндірісінің көлемі 6,6%-ға, ауыл шаруашылығы 12,8%-ға, негізгі капиталға инвестициялар 26,3%-ға, құрылыс жұмыстары 22,3%-ға, тұрғын үйді пайдалануға беру 7,4%-ға өсті. Әлеуметтік-экономикалық дамудың көрсеткіштері бойынша мемлекеттің елеулі қолдауының, дағдарысқа қарсы қабылданған жоспардың және экономикалық өсуді қалпына келтіру жөніндегі жоспардың арқасында оң нәтижелерге қол жеткізілді. Облыс 2020 жылдың соңында ел бойынша көшбасшылар қатарында болды [2].

Ақмола облысында шағын және орта бизнесті қолдауға көп көңіл бөлінеді. Осы мақсатта өңірде «Бизнестің жол картасы-2025» және нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған


«Еңбек» мемлекеттік бағдарламалары табысты іске асырылуда. Қазіргі уақытта өңірде ШОК қарқынды дамуда, оны біз төменгі кестелерден көре аламыз.

Кесте 1. Жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінің саны, бірлік

Облыс атауы	2018	2019	2020	Ауытқуы			
				бірлік	%	бірлік	%
Барлығы							
Қазақстан Республикасы	1241328	1330244	1357311	88 916	7,2%	27 067	2,03%
Ақмола	44 106	45 453	46 564	1 347	3,05%	1 111	2,4%
Шағын кәсіпкерлік кәсіпорындары							
Қазақстан Республикасы	231 325	258 365	280 200	27 040	11,7%	21 835	8,5%
Ақмола облысы	7 072	7 703	8 152	631	8,9%	449	5,83%
Орта кәсіпкерлік кәсіпорындары							
Қазақстан Республикасы	2 620	2 502	2 486	-118	-4,5%	-16	-0,64%
Ақмола	116	114	116	-2	-1,7%	2	1,75%
Дара кәсіпкерлер							
Қазақстан Республикасы	809 115	855 920	857 910	46 805	5,8%	1 990	0,2%
Ақмола	32 173	32 017	32 228	-156	-0,5%	211	0,66%
Шаруа немесе фермер қожалықтары							
Қазақстан Республикасы	198 268	213 457	216 715	15 189	7,7%	3 258	1,5%
Ақмола	4 745	5 619	6 068	874	18,4%	449	8%
Ескерту: [3] әдебиет негізінде автормен құрастырылған							

Кесте 1-ден жалпы Қазақстан Республикасындағы жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінің саны 2019 жылы 7,2%-ға, 2020 жылы 2,03%-ға артқанын көруге болады. Ал Ақмола облысы бойынша 2019 жылы 3,05%-ға, 2020 жылы 2,4%-ға артқанын байқаймыз. Оның ішінде, шағын кәсіпкерлік кәсіпорындары облыста 5,83%-ға, орта кәсіпкерлік кәсіпорындары 1,75%-ға, дара кәсіпкерлер 0,66%-ға, шаруа немесе фермер қожалықтары 8%-ға өскен. Ақмола облысының жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінің Қазақстан Республикасында алатын үлесіне келетін болсақ, ШОК субъектілері 3,43%-ын, шағын кәсіпкерлік кәсіпорындар 2,9%-ын, орта кәсіпкерлік кәсіпорындар 4,7%-ын, дара кәсіпкерлер 3,75%-ын, шаруа немесе фермер қожалықтар 2,8%-ын құрайды.

Ақмола облысында жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінің саны 2020 жылға 46 564 бірлікті құрады. ШОК құрылымында жеке кәсіпкерлер ең көп үлесті 69,2% (32 228 бірлік) алады, одан кейін шағын кәсіпкерліктің заңды тұлғалары 17,5% (8 152 бірлік) алады, орта кәсіпкерліктің заңды тұлғалары 0,3% (116 бірлік) алады, шаруа (фермер) қожалықтарының үлесіне 13% (6 068 бірлік) келеді.



Сурет - 1. Ақмола облысының жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінің 2020 жылғы құрылымы, бірлік

Ескерту: [3] әдебиет негізінде автормен құрастырылған

Кесте 2-ден ШОК жұмыспен қамтылғандар саны Қазақстан Республикасы бойынша 2020 жылы 0,7%-ға артса, Ақмола облысы бойынша -0,12% азайғанын байқаймыз. Облыста тек орта кәсіпкерлік кәсіпорындары (2020 жылы 8,9%-ға артты) мен шаруа немесе фермер қожалықтары (2020 жылы 7,9%) оң нәтиже беріп отыр. Ал шағын кәсіпкерлік кәсіпорындары (2020 жылы -2,7%-ға азайды) мен дара кәсіпкерлер (2020 жылы -1,6%-ға азайды) теріс нәтижеге ие.

Кесте 2. ШОК жұмыспен қамтылғандар саны, адам

Облыс атауы	2018	2019	2020	Ауытқуы			
				бірлік	%	бірлік	%
Барлығы							
Қазақстан Республикасы	3312457	3448727	3472606	136 270	4,1%	23 879	0,7%
Ақмола	133 231	132 057	131 890	-1 174	-0,9%	-167	-0,12%
Шағын кәсіпкерлік кәсіпорындары							
Қазақстан Республикасы	1351882	1408192	1462391	56 310	4,2%	54 199	3,8%
Ақмола облысы	49 541	50 886	49 533	1 345	2,7%	-1 353	-2,7%
Орта кәсіпкерлік кәсіпорындары							
Қазақстан Республикасы	364 888	364 865	355 934	-23	-0,006%	-8 931	-2,4%
Ақмола	18 808	16 006	17 423	-2 802	-14,9%	1 417	8,9%
Дара кәсіпкерлер							
Қазақстан Республикасы	1315162	1378884	1353776	63 722	4,8%	-25 108	-1,8%
Ақмола	57 155	56 455	55 540	-700	-1,2%	-915	-1,6%
Шаруа немесе фермер қожалықтары							
Қазақстан Республикасы	280 525	296 786	300 505	16 261	5,8%	3 719	1,3%
Ақмола	7 727	8 710	9 394	983	12,7%	684	7,9%

Ескерту: [3] әдебиет негізінде автормен құрастырылған

Ақмола облысының ШОК барлық субъектілерінің өнім шығарылымының Қазақстан Республикасында алатын үлесіне келетін болсақ, ШОК субъектілері 2,8%-ын, шағын кәсіпкерлік кәсіпорындар 2,3%-ын, орта кәсіпкерлік

кәсіпорындар 3,7%-ын, дара кәсіпкерлер 4,3%-ын, шаруа немесе фермер қожалықтар 5%-ын құрайды.

Кесте 3. ШОК барлық субъектілерінің өнім шығарылымы, млн. теңге

Облыс атауы	2018	2019	2020	Ауытқуы			
				бірлік	%	бірлік	%
Барлығы							
Қазақстан Республикасы	26473049	32386960	33626992	5913911	22,3%	1240032	3,8%
Ақмола	785 649	820 938	947 790	35 289	4,5%	126 852	15,5%
Шағын кәсіпкерлік кәсіпорындары							
Қазақстан Республикасы	18272335	22947233	23401108	4 74 898	25,6%	453 875	2%
Ақмола облысы	483 142	543 085	535 492	59 943	12,4%	-7 593	-1,4%
Орта кәсіпкерлік кәсіпорындары							
Қазақстан Республикасы	5 118 377	5 929 183	6 462 457	810 806	15,8%	533 274	9%
Ақмола	183 878	154 041	236 796	-29 837	-16,2%	82 755	53,7%
Дара кәсіпкерлер							
Қазақстан Республикасы	1 764 985	1 902 754	1 729 842	137 769	7,8%	-172 912	-9,1%
Ақмола	71 487	72 478	73 843	991	1,4%	1 365	1,9%
Шаруа немесе фермер қожалықтары							
Қазақстан Республикасы	1 317 352	1 607 790	2 033 585	290 438	22%	425 795	26,5%
Ақмола	47 142	51 334	101 659	4 192	9%	50 325	98%
Ескерту: [3] әдебиет негізінде автормен құрастырылған							

Кесте 3-тен ШОК барлық субъектілерінің өнім шығарылымы Қазақстан Республикасы бойынша 3,8%-ға артқанын көреміз. Ал Ақмола облысы бойынша 15,5%-ға өсті. Шағын кәсіпкерлік кәсіпорындары Қазақстан Республикасы бойынша 2%-ға артса, Ақмола облысы бойынша -1,4%-ға төмендеген. Орта кәсіпкерлік кәсіпорындары Қазақстан Республикасы бойынша 9%-ға, Ақмола облысы бойынша 53,7%-ға өскен. Сол сияқты, шаруа немесе фермер қожалықтары Қазақстан Республикасы бойынша 26,5%-ға, Ақмола облысы бойынша 98%-ға артқанын көре аламыз. Бірақ, дара кәсіпкерлер Қазақстан Республикасы бойынша -9,1%-ға азайып отырса, Ақмола облысы бойынша 1,9%-ға өскен.

Жалпы, Ақмола облысында ШОК қарқынды дамуда және негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштердің оң динамикасы сақталуда. Жыл бойы облыс өнеркәсіптік және әлеуметтік инфрақұрылым құру бойынша негізгі жобаларды іске асырды. Мысалы, «Қарапайым заттар экономикасы» портфелі 31,1 млрд теңгеге өңдеу өнеркәсібінің, АӨК пен қызмет көрсету саласының 217 жобасынан тұрады. 28,3 млрд теңгеге 211 жоба мақұлданды (оның ішінде 2021 жылдың басынан бастап 198,1 млн теңгеге 14 жоба), оның ішінде 26,5 млрд теңгеге 209 жоба қаржыландырылды. Өңдеу өнеркәсібінде 12,7 млрд теңгеге 23 жоба, ауыл шаруашылығында 11,9 млрд теңгеге 184 жоба, қызмет көрсету

саласында 3,7 млрд теңгеге 4 жоба мақұлданды. 1 300-ден астам жұмыс орнын құру жоспарлануда.

Бизнеспен бірге жаңа жобаларды іске асыру пысықталуда. Бүгінгі таңда жобалық кеңсенің жұмысында 2,8 млрд теңгеге 6 жоба, оның ішінде банктердің қарауында 1,7 млрд теңгеге 3 жоба бар. Аграрлық несие корпорациясының бағдарламасына енгізуді ескере отырып, ауыл шаруашылығы, тамақ және жеңіл өнеркәсіп салаларының жобалары неғұрлым сұранысқа ие болып табылады.

Қорытындылай келе, елдегі күрделі эпидемиологиялық ахуалға қарамастан, Ақмола облысының негізгі экономикалық көрсеткіштері ағымдағы жылдың қорытындылары бойынша оң динамиканы көрсетіп отыр. Сонымен қатар, аймақ ел бойынша көшбасшылардың қатарында. Шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған мемлекеттік бағдарламаларын табысты іске асырудың арқасында өңірде өндірілетін отандық тауарлардың көлемі ұлғайды, олардың ассортименті кеңейді. Еліміздің тұрақты экономикалық дамуын қамтамасыз ету жеке кәсіпкерліктің, бірінші кезекте, шағын және орта кәсіпкерліктің жай-күйі мен даму деңгейіне байланысты екенін барлығымыз білеміз. Бұл жаңа жұмыс орындарын құруға, бәсекеге қабілетті тауарлар өндірісінің ауқымы мен көлемін кеңейтуге мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Ақмола облысының 2021-2025 жылдарға арналған даму жоспары (Ақмола облыстық мәслихаты сессиясының 2021 жылғы 13 желтоқсандағы № 7с-12-3 шешімімен бекітілген)

2. Г.Бурибаева, Ф. Сарсекеев, А. Оспанов, Б. Имашев «Отчет о состоянии развития малого и среднего предпринимательства в Казахстане и его регионах». Нур-Султан, 2021 г., выпуск №13. –100с.

3. Қазақстан Республикасындағы 2016-2020 жылдарға арналған шағын және орта кәсіпкерлігі жөнінде статистикалық жинақ. -87с.

УДК 685(575.1)+339(075)

ПРИОРИТЕТНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ МОДЕРНИЗАЦИИ И ДИВЕРСИФИКАЦИИ ПРОМЫШЛЕННОСТИ В ПРОГРАММАХ РАЗВИТИЯ НОВОГО УЗБЕКИСТАНА

Олимова Нодира Хамракуловна

olimova_nh@mail.ru

к.э.н., доцент, Ферганский государственный университет,
Фергана, Узбекистан

Основной целью формирования в нашей стране экономики, основанной на рыночных отношениях, является обеспечение макро-и микроэкономической стабильности в республике и развитие экономики, основанной на национальных традициях. Развитие экономики нашей республики направлено на организацию